

**Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 517-Ө «Телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органның хабарлау ережесін бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 30 наурыздағы № 148 Бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 517-Ө «Телекоммуникация және пошта байланысы саласындағы тауарларға (жұмыстарға көрсетілетін қызметтерге) бағалардың алдағы көтерілуі туралы реттеуші органның хабарлау ережесін бекіту туралы» бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 5101 тіркелген 2008 жылғы 1 ақпандағы № 16 «Заң газеті» газетінде жарияланған) күш жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Байланыс саласындағы талдау және тарифтік реттеу департаменті (Т.Қ.Наметчаев) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары Л.Ә.Әріпхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

*Қ. Есекеев*